

**Маңғыстау облысы денсаулық сақтау басқармасының
«Бейнеу орталық аудандық ауруханасы»
шаруашылық жүргізу құқығындығы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны
ХАТТАМА № 3**

Бейнеу ауылы

27.09.2023 жыл

Өткізілген орны: Бейнеу ауылы, Тобанияз көшесі, 1Д, конференц зал

Жиналыс төрағасы: Б.Аймоқенов – аурухананың м.а. директоры

Жиналыс хатшысы: Р.А.Абдуллаева – сыбайлас жемқорлыққа қарсы
іс-қимылдарға жауапты маман

Қатысқандар: Кәсіпорын қызметкерлері.

Күн тәртібінде:

1. «Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу» тақырыбында баяндама.

2. Кәсіпорындағы Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау нәтижелері туралы Талдамалық анықтама бойынша анықталған тәуекелдерді жою жұмыстары жасалған іс шаралар туралы.

Аурухананың сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша комплаенс офицері Р.Абдуллаева «Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу» тақырыбында баяндама оқыды. Кәсіпорындағы анықталған тәуекелдер бойынша берілген ұсыныстардың орындалуын талқыланды.

Ішкі талдау жүргізу барысында жұмыс тобымен келесі бағыттар бойынша тәуекелдер анықталған болатын:

- ✓ Персоналды басқару, соның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдардың тізбесін айқындау
- ✓ Мемлекеттік қызметтер көрсету
- ✓ Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу
- ✓ Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу

✓ Персоналды басқару, соның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдардың тізбесін айқындау бойынша, Кадр бөлімі мамандары Р.Сарбасова мен А.Маркабаевамен маман сертификатының мерзімі өткен қызметкерлерді уақытша жұмыстан шеттетуге және сертификат алған мамандарды жұмысқа қайта қосу мерзімдері үнемі тұрақты қадағалануда.

✓ Мемлекеттік қызметтер көрсету бойынша директордың емхана қызметі бойынша орынбасары Э.Баяхметова: қазіргі кезде емхана бойынша науқастардың бейінді мамандарға кезекке тұру уақытының өтіп кетуі жоқ. Шақыртулар бойынша телімдік дәрігерлерге бұрын да ескертіліп келеді. Қазіргі таңда науқастарға шақыртулар бойынша қызмет көрсету 100% орындалып тұр. Дәрігерлермен медициналық көмек көрсету стандарттарын, диагностика мен емдеудің клиникалық хаттамаларын сақтау жіті қадағаланып отыр. Ауруларды басқару бағдарламасы және патронажды әмбебап прогрессивті модель шеңберінде созылмалы аурулары бар адамдарға динамикалық бақылау жолға қойылды.

✓ Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу бойынша мемлекеттік сатып алу есепшісі Ж.Нұрбауова: мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру, өткізу кезінде заңнаны бұзу фактісі болған жоқ. Мемлекеттік сатып алулар конкурс және баға ұсыныстары сұрату тәсілдерімен өткізіліп жатыр.

✓ Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу бойынша мемлекеттік сатып алу есепшісі Ж.Нұрбауова: жеке тұлғалармен шарт жасасу аурухана заңгерінің бақылауында, ал заңды тұлғалармен шарт жасау мемлекеттік сатып алу порталы арқылы жүзеге асырылады. Шарт міндеттемелерін орындамаған өнім берушілер уақытында сотқа беріліп тұр.

ШЕШІМ:

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне құқық бұзушылықтарға жол бермеу
2. Кәсіпорын қызметкерлері арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс шараларды ұдайы жүргізу;

Жиналыс соңында қызметкерлер тарапынан қойылған сұрақтарға жауап берілді.
Жиналыс төрағасы отырыс қорытындысын жасады.

Жиналыс төрағасы:

Жиналыс хатшысы:



Б.Аймокенов

Р.А.Абдуллаева